

АҚМЕШІТ

ЖАСТАРЫ



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 06 (439)
10 ақпан, 2022 жыл



9 ақпан – ұлт танымы мен әдебиетіне мәңгілік із қалдырған тұлғаның күні. Ол мәлдір махаббат, шалқыған шаттық, риясыз сезімді жырлады, көңілді қозғаған мұң-қайғының тінін өлеңмен өрді. Тұрмыс болмасы ішкі өлемін көмескілеуіне қол бермей, адуын күшпен алға ұмтылды. Еңбегінің зая кетпесін, өлеңінің өміршең боларын күнібұрын сезіп, «көлер заманның құрдасымын» деп асқақ үн қата білген еді. Иә, 9 ақпан қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Биыл да оқырман қауым қаламгер шығармашылығын еске түсіріп, сүйікті ақынның сезімге толы жырын жатқа оқуға асықты.

Поэзия әлеміне ерен қуат, биік талғамен қосылған Мұқағали Мақатаев саналы ғұмырын өмір қатпарын өлең ернегімен көскіндеуге арнаған талант. Сол себепті әрбір оқырман қаламгер шығармашылығынан өзін, қоғам бейнесін жиі ұшыратады. Ақынның «күлі киген қазықтың қара өлеңін шекпен жауып, өзіне қайтаруға» талпынған ұмтылысын, межелі мақсатқа жетуінің сырын осыдан-ақ аңғаруға болатындай.

Мұзбалақ ақын бұырқанған мінезі өмір арнасынан асып, көңіл кемерінен тасыған шақта да өлеңнен пана іздеді. Шынайылықты биік қойып, оқырманы келер ғасырда екеніне сенгені де сондықтан шығар. Тіпті, барын жырға төгіп, қарым-қабілетін өлеңге берген жанкештілік те бір бойынан табылды. Содан болар «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» деп өмірлік миссиясының сырын жасырмаған. Жаралы жанның ішкі сырын білдірген мұндай әуез ақынның сүйген жарына арнаған өлеңнен ерек сезіледі.

«АҚЫНМЫН БА, ЖОҚТЫМ БА?»

«Тағдырыма тура келген серігім,
Мен бейбаққа сыйлады екен сені кім?!
Шар басымда, шаңырағым, сен тұрсың,
Басқалардың барлығынан жердім.
Ауырлықтың көтердің-ау көбін сен,
Сенен келіп қуат алдым жеңілсем.
Сен жер болдың, нәсер болып төгілсем.
Шұғыласың қара бұлт бол көрісем», – дейді қаламгер.

Ақынның жаны жете түсіген абыз жазушы Әбіш Кекілбаев та Мұқағали Мақатаевтың бітімі бөлек болмыс екенін долме-дол тауып, қадір-қасиетін жете түсіне білген. Ақын туралы кезекті естелігінде:

«Мақатаев жырларындағы майда қоңыр саз бен жарқ-жүрқ көзге ұрмайтын жұмсақ нұрдың өзі де оның терең тебіреністі гуманистік мәнін айқындай түседі. Жас ақын зор адамгершілікті, биік гуманизмді елден ерек төтен ерліктерден емес, адамдардың бір-біріне деген мейір-пейілінін іздейді. Оның өлеңіндегі адамдар – шетінен жүзі иі, жүрегі жұмсақ жандар. Бірақ ақын өмірді май тоғсызсыз идиоллия қылып суреттеуден аулақ. Ол әрекетшіл, мейірімді, өзгенің бақыты мен қуанышына тек тілектес қана болып қоймай, сол үшін бел буып күресетін белсенді, қайырымды адам туралы жырлайды», – дейді әдебиет абызы.

Өлеңге ақын қойған өлшем де өміршең. «Махаббатпен басталып, парасатқа ұласқан» жыр жолдары Мұқағали поэзиясының бағыт-бағдарын, даму ерекшелігін айқындай түскен секілді. Сол арқылы өзгенде ерек мазмұн-сипаттағы туынды дүниеге келген. Қаламгер шығармашылығынан тек қазаққа ғана қара өлеңнің «қебімен» қатар әлемдік классикалық туындылардың бояуы анық көрінеді. Сондықтан ақынды жалғыз қазақи танымдағы талант деп қабылдау қате болар. Мұқағали – төл әдебиетті өзге таным деңгейіне көтерген тылсым тұлға.

Ерген ЯКУДАЕВ



«ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ» – ЖҰМЫС ТАБУҒА МҮМКІНДІК



Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін ұзартып, еңбекақысын көбейту мүмкіндігін қарастыруды тапсырған болатын. «Жоғары оқу орны, колледж түлектері, білімі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Мұны біз жақсы білеміз. Кездейсоқ нәпақмен күн көріп жүргені бар. Кейбіреулері табыс іздеп, заңнан аттауы мүмкін»

деген Мемлекет басшысы NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіруді де тапсырды. Аталған бағдарламаның тиімділігін ескере келе бұл жастарға жасалған тағы бір маңызды мүмкіндік екенін ұғамыз.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде журналистика мамандығын татамдаған Нұрай Ақжігіттің былтыр осы бағдарлама арқылы алты ай тәжірибеден өтіп, шартты түрде жұмысқа қабылданғанын білдік.

– Бағдарлама жайлы қайдан естідіңіз?

– Бағдарлама туралы жұмыс істеді ғана білдім. Шарты бойынша өзіңіз қалаған мекемеде 6 ай мерзімде жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Мен де соны қалт жібермеуге тырыстым. Алғашқы еңбек жолымды «Әңгірлік коммуникациялар қызметінде» бастадым.

– Қатысу үшін белгілі бір критерийлер көрсетілген, арнайы дайындалған құжаттары тағы бар...

– Ең алдымен жұмыссыз ретінде тіркелу керек және қатысушының жасы 29-дан аспауы міндеттелген. Керекті құжаттарға диплом үлгісі, жеке куәлік, медициналық анықтама және тұрғылықты мекен-жай анықтамасы кіреді.

– Президент тапсырмасы бойынша аталған бағдарламаның, сондай-ақ «Алғашқы жұмыс орны» жобасының мерзімі ұзартылды. Бұл – жастардың дамуына бағытталған қолдау. Десе де, оның «өтпеген-ай» дейтін тұсы бар ма?

– Бағдарламаның кемшілігі болды. Ол – жұмыс істеу мерзімінің аздығы. Биылдан бастап бірнеше өзгеріс еніп, жұмыс істеу мерзімі 1 жыл немесе 18 айға дейін ұзартылды. Бір жыл аз уақыт емес. Бұл мерзім аралығында таңдаған салаға тәселіп, қыр-сырын меңгеруге әбден болады.

– Бағдарлама арқылы тұрақты жұмысқа қабылданғандардың бірісіз. Айтыңызшы, практикаға барғанда нені ескеру керек?

– Тәжірибеден өту барысында оқу орнында алған білім көмекке келді. Ізденіс, ынта да маңызды. Қазір ақпарат саласына қатысты жаңашылдықтарды меңгеріп келеміз. Бұл ретте білмегенімді үйретіп, қолдау білдірген әріптестеріме алғысым шексіз.

– Қоғамда NEET санатындағы жастар кездеседі. Оларды әлеуметтендіруді көздейтін бағдарламаларға жаңашылдық енгізіліп отыр, ал статистикада өзгеріс бола ма? Қалай ойлайсыз?

– Биылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жұмыссыз жастарға үлкен қолдау көрсетілмек. Бұл – жағымды жаңалық. Тұрақты жұмыспен қамту үшін түрлі бағдарламаларына қолдау шаралары көрсетіліп, техникалық салаларға басымдық берілуде. Елімізде жастарға арналған осындай бастамалар көбейсе, өзі қолға бір күрек таппай жүрген жастар сан азыяды деген ойдамын.

– «Жұмыс жоқ» деген сөзді желеу қылатын замандастарыңызға не айтасыз?

– Болшақ жастардың қолында демекші, заман талабына сай болуға ұмтылу керек. Мүмкіндік берілген уақытта «зауықым жоқ, жұмыс жоқ» деп бос жүруге мүлде болмайды. Еңбек те арқылы ғана жетістікке жететініңізді ұмытпау керек. Қазір жаныңыздан бір сәтке қалдырмайтын ұялы телефон арқылы да жұмыс істеп, табыс табуға болады.

Сұхбаттасқан: Мәлдір САБЫРЖАН



«Өрмекші адам», «Супермен», «Барби»... Бар баланың қызығып, қолынан тастамайтын қызығы осы. Бұған танымал кейіпкерлер мен сан құбылған көлік бейнесіндегі қуыршақтарды қосыңыз. Дол, шылдырмақ, жұмсақ ойыншық, өйтеуір, кішкентай бөбегі бар әрбір шаңырақта қорал-қорал қуыршақ пен дорба-дорба ойыншықтың шашылып жататыны анық. Дегенмен, бүгінгі әңгіме ауаны балалар ойыншығының мән-мағынасы емес, сапасында болып отыр. Осыған орай «Балалар ойыншығы сын көтере ме?», «Таурды қалай таңдаған жөн?» деген сауалға жауап іздедік.

БАЛАҢЫЗ НЕМЕН ОЙНАЙДЫ?

ететінін, психологиялық өзгерісін саралауды айтпағанда, қуыршақтың сыртқы бояуы, беріктігі, бөбек қауіпсіздігі туралы қарапайым кеңесті де елемейтін секілді. Нәтижесінде аз уақытта сапасыз ойыншықтың сәлдерін тартып, сан соғып отырады. Жалпы нарықтағы балалар ойыншығының сапасы туралы айтпас бұрын тауар импортына назар аудару жөн секілді. Себебі сапаның мәні мен баға бағдары осында жатыр. Мәселен, елдегі

балалар ойыншықтары Ресей Федерациясы, ҚХР, Өзбекстаннан әкелінінін білеміз. Кәсіпкерлер тасымал құны мен табыс көлемін есептеп, соған сәйкес тауарға тапсырыс береді. Басталып құны қаншалық арзан болса, сапасыз да соншалық төмен болады. Жағымсыз иіс, шамадан тыс химиялық қоспа, тез сынғыш келуі. Нарықтағы тауарлардың, әсіресе Қытайдан әкелінітін ойыншықтың сапасы сын көтермеуінің бір сыры осында.

Расында базарға бара қалсаң, балаларға арналған ойын құралдары самсап тұр. Ойыншықтың сан алуан түрі, аңның бейнесіндегі матадан тігілген жұмсақ қуыршақтар, тағысын тағы көздің жауын алады. Бағасы да қалптаға қоныды. Арнайы дүкендерге қарағанда базар бағамы төмен болғанын ба, ата-аналар да тауардың сапасына бас қатырмайды. Ойыншықтың баланың ойлау қабілетіне қаншалықты әсер



МУЗЕЙДЕГІ БІР КҮН



Қалалық пробация есебінде тұрған жасөспірімдер облыстық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия жасады.

— Өрбір жас ел тарихын, ұлт идеологиясын білуі тиіс. Сол мақсатпен пробация есебінде тұрған көмелетке толмаған жастарды мұражайға әкелдік. Экскурсия барысында балалар өткеннен сыр шертетін құнды жәдігерлермен танысты. Артына өшпес мұра қалдырған би-шешендер, бағырлар мен өнер иелері, Тәуелсіз Қазақстанның айықты оқиғалары жайлы мол мағлұмат алды, — деді қалалық пробация қызметінің аға инспекторы И.Дәуітбаев.

Жалпы қалалық пробация қызметі жасөспірімдердің танымын кеңейтуге бағытталған шаралардың басы-қасында келеді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалында мемлекеттік қызметке жоғары білікті, құзіретті, талантты кадрларды дайындау мақсатында «Абырой» мемлекеттік қызмет мектебінің семинары ұйымдастырылды. Оған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4 курс студенттері қатысты.

Шараны ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Б.Байхожаев пен Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиал директоры М.Әйтмұмов ашып, мемлекеттік қызметшінің жауапкершілігі мен қызметіне тоқталып өтті.

Сондай-ақ интерактивті форматтағы пікірталастар топтық жаттығу, тапқылау, жағдайды модельдеу тәсілін пайдалану арқылы жапсарсын тапты.

СПОРТ ЖАНАШЫРЫ



XXI ғасыр – білімділер уақыты. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда мұғалімнің еңбегі зор. Олар зерек те зейінді, салауатты өмір салтын ұстанатын жастарды қалыптастыруды мақсат етеді.

Арал ауданында осы бағыттағы шаралар жүйелі. Жастар да спорттық сайыстарда белсенді. «Ұлттық мектеп лигасы» 9-11 сынып оқушылары арасында баскетболдан өткен «Аптын доп» аудандық іріктеу жарысында да үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі III орынға ие болғаны үшін №2 мектеп командасы марапатталды. Баскетбол фристайлынан өткен облыстық онлайн байқауда жүлделі II орын иеленгені үшін аралдық Нұрболат Сералиев үздіктер қатарынан табылды. Жетекшісі – Бақытбек Өтемұратов.

Жастарды спортқа тартып, жаңаша серпін сыйлауда Бәкітбектің үлесі зор. Жанашыл мұғалім «Жастардың шынығып өсуі маңызды. Болашақтың кілті – жастарда, сондықтан біз оларға ардайым мотивация беруіміз керек» дейді.

Г.ЛИЯСОВА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОЛД ЕБҚКЕ ТАРАПЫНАН ЖАРИЯЛАНҒАН БАЙҚАУҒА»

ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ



Жасөспірім балқыл тұрған қорғасын іспеттес. Қалай бағыттасаң, солай қалыптасады. Желік қуып, қызығатын шақ та осы тұс. Содан болар, кейбірі албыртықпен жаман әдетке беріліп, есірткіге бой алдырғанын сезбей жатады. Осы кезде баланың немен шұғылданып, бос уақытын қалай, кіммен өткізетін назарда ұстаған ата-ана еш ұтылмайды. Керісінше, мұндай қадам баланың есірткі секілді зиян әдеттің соңынан кетуіне тосқауыл жасап, саламатты өмір салтын ұстануына септігін тигізеді.

Отбасында спортпен айналысып, айналасындағылардың шылым мен ішімдіктен алыс екенін аңғарған бала да отбасы тәрбиесін сақтап, жарқын өмірге аяқ басуға ұмтылары сөзсіз. Денсаулықтың қадірін білген адам отбасы мен қоғамның құндылығын жоғары қою арқылы ұлтын қастерлеп, мемлекеттің абыройын асқақтатуы үнемі ойға алады.

Сондықтан «Есірткісіз болашақтың баспағарды – отбасы тәрбиесі» деп сеніммен айта аламын.

Жауқазын ӘБЕН,
Қармақшы ауданы
С.Есқараев атындағы №27 орта мектебі



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған биылғы «Балалар жылын» Сырдария ауданындағы «Балалар» шағын орталығы жақсы жетістікпен бастады. №36 Ә.Тәжібаев атындағы мектеп-лицейі жанындағы орталықтың тәрбиеленушісі Бағжан Ибрагим республикалық байқау қорытындысы бойынша жүлделі I орын иегері атанды. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі ақжолтай хабар білім беру саласының жарқын жетістігі десек болады.

Бағжанның бағы жаңды

Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өткізілген республикалық байқаудың тақырыбы – «Қыстың жағал бейнесі». Байқау ережесіне сәйкес, балалар қыс мезгіліне қатысты сурет, туындыларын арнайы үзшегет арқылы әлеуметтік желіге жариялаған. «Zhas-daryn.kz» интернет ресурсы, республикалық «Өрлеу» педагогикалық шеберлікті дамыту орталығының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы және «Media Bilim» журналы бірлесіп ұйымдастырған байқауға

сырдариялық балақай да қатысып, бағын сынаған. Жетекшісі, орталық тәрбиешісі Динара Қошқұлованың айтуынша, ұйымдастырушылар талапкер Б.Ибрагимнің салған суретін жоғары бағалаған. — Болашағынан көп үміт күттіретін кішкентай Бағжанның балабақшаға келіп жүргеніне бірнеше ай болды. Ол білімге құштар. Тапқырды тез жаттап алады және сурет салуға бейім. Республикалық филиалы және «Media Bilim» журналы бірлесіп ұйымдастырған байқауға

ұсындық. Суретті әлеуметтік желіге ұйымдастырушы тарап жүктеді. Бағжанның суретіне көпшілік жоғары баға беріп, оң пікір білдіріп, ерекше қолдау танытты. Осылайша, республикалық байқаудың қорытындысымен жүлде I орын бұйырды, — дейді тәрбиешісі Динара Қошқұлова. Айта кетейік, кішкентай Бағжан — 4 жаста. Ол көпбалалы отбасынан. Бұлдрішінің ата-және немерелерін байқауға дайындаған тәрбиешілерге алғыс айтады. — Немереміздің алғашқы жетістігіне ерекше қуандық.

Бар бақытымыз, байлығымыз ұрпақтарымыз. Мемлекет басшысы биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Лайым, азат елдің озат ойлы жастары көп болсын! Ұрпақтарымыз білімді, өнерлі болып өсе берсін, — дейді әжесі, «Алтын алқасы ана» Жанат Сүлейменова. Болашақтың кілті — талапты да талантты балаларда, озат ойлы оқушылар мен жальды жастарда. Республикалық байқаудың жеңімпазы атанған талапты Бағжан алдағы уақытта жақындарының сенімі мен үмітін ақтайды деп сенеміз.

МҰҒАЛІМГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Ел ертеңі білімнің тереңдігімен өлшенеді. Оқушылардың жан-жақтылығын, сабаққа қызығушылығын, ізденімпаздығын қалыптастыру үшін жаңа технология әдістерін пайдалану керек. Ол – оқушыларды дамытуға көмек. Оның үстіне технологиялық құралдарды пайдалану уақытқа үнем.

саяхат сабағының тиімді тұсы мол. Көбінесе біз ойын элементтеріне атуі, жеңіл қараймыз. Бірақ ол күрделі педагогикалық әдіс-тәсілдердің қатарында. Электронды оқулықтарды да «жақтырамау» қажет. Бұл әдістер оқушының жан-жақты білім дағдыларын қалыптастырады. Сабақ барысында қай технологияны қолдансақ та, оқушылардың өз бетінше жұмыс істей алуына ықпал ету қажет. Мәселен, химияның жалпы мақсаты – теорияны түсінуге шақыру. Мұнда іскерлік дағды маңызды. Ал сабақты түрлендіріп, заман талабына сай өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Айшолпан ЕРЖАНҚЫЗЫ, №12 мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі

Жоғарыда айтқанымыздай, мұғалімнің басты міндеті – білім бере отырып, тұлғаны дамыту, білім берудің жаңа технологияларын тиімді қолдана білу. Күнделікті

сабақта осы міндет негізгі басшылыққа алынады. Жаңа жетістіктерді қорықпай пайдалану керек. Интерактивті тақтамен жұмыс істеген дұрыс. Бұл әдіс оқушылардың химия секілді

пәннің «қын пән, түсініксіз» деген қорқынышын жоюға, жаңа нәрсені үйренуге деген талпынысын арттыруға септеседі. Сондай-ақ ойын, конференция, ұжымдық жиын,



1. Жаңа ғасырдың мұғалімі тәуекелге баруға дайын болу керек. Оның бойындағы осы қасиет өзгелерге үлгі. Мұғалім ұғымының өзі өзгеге үлгі болуға үйретеді.

2. Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, әр шәкірттің психологиясын зерттеу керек. Топтан бөлек, әр шәкіртпен жеке-жеке жұмыс істеу – басты талап.

3. Тек қана сабақ беріп, лекция оқумен шектелуі шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Мұғалім өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек.

4. Заманауи инфрақұрылымдарды, техниканы меңгеру керек. Соның ішінде компьютердің ішкі жүйесін, офсеттік бағдарламаларды, электронды тақталарды игеру арқылы жаңа заманға бейім жастардың көңілін алдандыра да, сабақты қызықты өткізе де алады.

5. Рухани құндылыққа бай болу керек. Ұстаздың жан дүниесі рухани тәлімге толы болса, шәкірттің де одан анар ілімі далаға кетпек емес.

6. Өрбір адамға қалам ұстатып, өріп үйретуші мұғалімнің әмбебап болуы маңызды.



Жалпы сырттан тасымалданатын тауарларға Кеден Одағының қояр өз талабы бар. Балалар ойын құралдары да «Ойыншық өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті аясында қадағаланады. Алайда Қазақстанға келген тауарлардың басым дені, әсіресе, базар сәресіне қойылатын ойыншықтар аталған талапқа сәйкес келе бермейді. Мамандар да бояу сапасы, қоспа мөлшері, баланың жас шамасы секілді ескертпелер толық сақталмайтынын айтып, бұған дейін де дабыл қаққан еді.

БАЛАҢЫЗ НЕМЕН ОЙНАЙДЫ?

– Бүгінде нарықтағы кей ойыншықтан жағымсыз иіс шығады. Тіпті кейбірінің ұшы тым ұшыр немесе толық аяқталмаған күйде келеді. Мұндай заттар балаға қауіпті. Себидің қолына түссе, үшкір зат денесін зақымдауы, ойыншықтың ұсақ бөлшектері көп болса, бала жұтып қоюы мүмкін. Тісті мекемелер тарапынан тексеріс жүргізілген кезде өнімнің сәйкестігін растайтын сертификатты талап ететіні белгілі. Алайда бұл баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Әрбір ата-ана ойыншықтың барынша зиянсыз екеніне көз жеткізгенде ғана сатып алуға шешім қабылдау қажет, – деді балалар дәрігері Дәмектен Қосанова.

Қосанова. Расында, жауапкершілік кәсіпкерде ғана емес, тұтынушының өзіне де тиесілі. Бүгінде нарықтағы таңдау аясы кең. Қай ел, қай компанияның шығарған өнімін алғын келсе, бәрі қолжетімді. Оған қоса ғаламтор зақым тапсырып беріп, шетелден алдыруға да болады. Сондықтан олқылық таңдаудың аздағы немесе нарық кемшілігінен туындамағаны анық.

– Ойыншықтың түр-түрі бар. Сапасы да сан алуан. Нарық талабына сай қадам жасау керекті түсінікті. Сондықтан халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұтынушылардың талабын ескеріп, әртүрлі бағадағы ойыншықты әкелетін кәсіпкерлерді жазғыру орынсыз. Жасыратыны жоқ, сатып алушылардың көбі қымбат тауарды алмай, арзанға ұмтылады. Нәтижесінде айға жетпей, тауарға көңілі толмай, шағым айтатын жағдай кездеседі. Осы ретте қалта көтерсе, бағасы жоғары ойыншықты алуға кеңес беремін. Себебі тәжірибе көрсеткендей, қымбат тауардың сапасы да жоғары. Бұл тұрғыда Ресейден келетін өнім озып тұр. Бұл – менің жеке пікірім, – деді кәсіпкер Құлайым Қуандықова.

ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян

келтірмейтін ойыншық таңдаудың қандай жолы бар? Сапалы өнімді таңдау үшін қандай ақпаратты білген дұрыс? Осы сауалдарға жауап тапқанда ғана ата-ананың қателіктен алыс болуға мүмкіндігі артпақ.

Мамандар ойыншық таңдауда алдымен тауар материалына мән беруге үндейді. Бұл орайда ақыл-кеңес мол. Алғашқы шарт – ойыншықтың сыртқы жабындысы ылғалға төзімді, үгітілмейтін болуы шарт десе, кейінгісі – қатты бөлшектері денеге зақым келтірмей, ұсақ бөлшектері тыныс



жолына түспейтіндей болу керек. Оған қоса жұмсақ ойыншықтың тілсіз мен тоқ көзіне қосылатын ойыншықтардың қауіпсіздігін де назарда ұстаған жөн. Аталған нұсқау толық сақталса, сапалы әрі қауіпсіз өнімді таңдау қиын емес.

– Бояуы тым қанық ойыншықтардан алыс болған жөн. Себебі бояудың құрамында фенол, формальдегид, корғасын элементтері бар. Бұл заттардың адамның жүйке жүйесіне, көз бен тыныс алу мүшелеріне кері әсер ететіні дәлелденген. Бала көз келген нәрсені алдымен аузына салады, әлемді танығысы келеді. Сондықтан ойыншық сатып аларда аса ұқыптылықпен қарағаныңыз абзал. Сондай-ақ 4 жасқа дейінгі бұлдіршіндерге табиғи тері, ішік, фарфор, түкті резеңке сынды ойыншықтарды беруге болмайды. Бұлдіршін ойыншығы талғамға сай, сапалы болғаны жөн. Тауарды сатып алушы түсіне ғана емес, сапасына, педагогикалық-психологиялық, биологиялық, медициналық қасиеттеріне, санитарлық-гигиеналық, техникалық, механикалық қауіпсіздігіне де назар аударуы маңызды.

Ойыншықтың материалы неғұрлым

қарапайым, солқылдақ

болғаны жөн. Мұндай үлгідегі ойыншықтар баланы ешқашан жалықтырмайды. Мәселен, доп, күбік, қуыршақ тәрізді ойыншықтар үнемі бұлдіршінің қолынан түспейді. Егер ойыншықтың материалы ажарлы болса, ол соғұрлым бала мінезінің жақсы қалыптасуына, жаттығуына дағдыландырады. Бір ескертін жайт, кейде балалар жаңа сатып алған ойыншықты сындырып, ішік құрылысымен танысқанды жақсы көреді. Мұндай сәтте ашуланбағаныңыз жөн. Ойыншық балаға ұнаса, оны бірден бөлікке бөліп, ішік құрылысына үңіледі. Осылай бұлдірші өз ойымен түзетуді, қайта құрастыруды үйренеді. Себидің жас ерекшеліктеріне қарай ойыншықтар да түрге бөлінеді. Сондықтан ойыншық сатып аларда бала талғамына, жасына қарағаныңыз абзал, – деді Дәмектен Қосанова.

Маманның айтуынша, ойыншықтарда шамадан тыс иіс пен түрлі химиялық қосындылар болмауын қадағалау керек. Сонымен қатар тиісті норманы да талап ете білу қажет. Ойыншықтың тиісті сертификаты пен арнайы құжатты болуы шарт. Онда өнімнің құрылымы жөнінде толық ақпарат, өндіруші кәсіпорынның мекен-жайы, кей жағдайда жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

Жалпы заң негізінде әрбір ойыншық «Халық тұтыну тауарлары және көрсетілетін қызметтерді сертификаттау тізіміне» сәйкес сапа құжатына ие болатыны белгілі. Сондықтан әрбір тұтынушы ойыншық сатып аларда оның сапасына ғана емес, таңбалау сертификатына да қарағаны жөн.

Р.С. Болмашы қателік бала денсаулығына орасан зардап әкелуі ықтимал. Сондықтан ата-ана әрбір қадамды ойланпай, саралап жасағанды жөн көреді. Осы орайда ойыншықтағы айтылған кемшілік пен ескертпелі қаперде ұстаған артық етпейді.

Берен ШАҒЫРОВ

Көптеген жасөспірімдерде жалғыз қалу, көңіл-күй бұзылу, асақ тәбет тартпау, үнемі ойдың жетегінде жүру секілді әрекет байқалады. Ішкі қалауын, ойын анық жеткізе алмайтынды бар. Мұның өзі әлеуметтік желінің әсерінен болуы мүмкін. Қазіргі кезде ол белгілі бір шекарасы жоқ дүниеге айналды. Не көргісі, естілгісі келеді өз еркінде. Оған қоса өзін жоғалтқан жастардың жанында әрбір әрекетін қадағалап, жүйеге келтіріп, қолдайтын адамның табылмауы қыңылтады. Салдарынан бала теріс пияылды адамдардың қапанына ілінуі ғажап емес. Экранның ар жағынан үкітү, әлімменттік жасау, қалауынсыз бір іске итермелеу салдарынан қайғылы оқиға орын алуы да мүмкін, яғни мұның барлығы кибербуллинг, виртуалды әлемдегі кемсіту әсерінен.

Мамандардың айтуынша, кибербуллинг – адамды ғаламторда, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерде қорқытып, зорлық көрсету. Оған көз келген адам тал болуы мүмкін. Мен де, сіз де, баріміз. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар көбіне көмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алатыны мәселені ұшықтырады. Өйткені қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне жасалған қысым туралы ешкімге айтпайды. Тіпті

ата-анасы мен жақын дарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан

шықпауға тырысады. БҰҰ-ның Қазақстанда жүргізген зерттеуі бойынша балалардың 79 проценті саби күнінен бастап кемсіту мен қорлыққа тап болған. Сондықтан бұл мәселеге бей-жай қарамау керек. 21 елде балаларды ғаламторлық қысымнан қорғайтын заң қабылданғаны да мәселеге салмақ бере түсетіндей. Ал Қазақстандағы ахуал көңіл көншітпейді. Өкініштісі, бүгінге дейін

кибербуллингтің құрбандары туралы нақты статистика жоқ. Сондықтан мамандар Ұлыбритания мен Ресей тәжірибесінің негізінде буллингтен қорғану туралы кодекстің үлгісін әзірлеген. Онда тек виртуалды кемсіткіге ғана емес, жалпы зомбылық көрген балалар туралы ата-ана мен ұстаздарға нұсқаулар жазылған.

Психолог мамандардың зерттевіне сүйенсек, балалардың 50 проценті қатыгездіктің түрлі формасына отбасында кезігеді. Оқушылар арасында қорқыту, үркіту оқиғалары бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесі тіпті жаға ұстатарлық. Сауалнамаға қатысқан балалардың 16 проценті ата-анасы немесе заңды өкілдері тарапынан зәбір көретінін айтқан. Желідегі қудалауға ұшыраған балалар үшін арнайы

бекітілген заң бар. Мысалы, ақша талап еткен екеуара әлгімені жарияласа, ҚР Қылмыстық кодексінің 194-бабы, яғни «қорқытып алу» бойынша іс қозғалады. Ешқандай мақсат болмаса да әлеуметтік желіге жеке әлгімені жариялағандарға ҚР Қылмыстық кодексінің 148-бабы «Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу» бойынша жауапкершілік қаралған.

Қалай десек те, бала тәрбиесі мен қауіпсіздігіне ата-ананың жауапты болуы маңызды. Психологтардың да бала мәселесін айтпай келсе, оны күнәлап, ұрысудың қажеті жоқ деп айтуында мән бар. Телефонды да бірден тартып алып, қаламторға шектеу қоймау керек. Мұндай жағдайда бала ата-анасынан ауырталықты айтпайтын болады. Демек, ата-анасы баламен байланып сөйлесіп, оның кінесі жоқ екенін тәптіштеп түсіндіру керек. Сонда ғана қамқорлықты сезінген баланың үміті озып, тығарлықтан шығатынына сенім күшейеді. Бізде көп ата-ана баламен ашық сөйлеспей, күнделікті тірліктің соңында кетеді, оларды не мазалап жүргенін байқамай бермейді. Ал оны білген сәтте бәрі кеш болуы ықтимал. Ақпараттық-ағарту бағытындағы жұмыстарды тек балалар емес, ересек



Баланың қауіпсіздігіне қоғам мен ата-ана қоса жауапты. Бұл жерде қауіпсіздік ұғымын әркім арқалай түсінетінін ескерсек, алдымен осы сөздің мағынасын ашып көрсеткен жөн секілді. Отбасындағы жанжал, достар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы, сабақ үлгерімінің төмендеуі, мектептегі қиындық, тіпті жеке басында орын алған өзгеріс жүйкеге әсер етеді. Біз кезегінде мұндай өзгеріс жас өркен бойындағы психологиялық оқылыққа әкеледі. Дегенмен көп жағдайда балалар қиындықты білдіруге жасқанбай, айтуға қысылмайды.

тер арасында да жүргізген тиімді болып тұр. Балалардың құқығын білуі өзін қорғай алуына септігін тигізіп, сонымен бірге мәселені шешудің әдіс-тәсілін, жолын анықтап, болашақта оны болдырмауға ықпал етері анық.

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА



Парасаты мен пайымы әр сөзінен көрініп, бойынан төгіліп тұратын бабалар «Отан – отбасынан басталады» дейді. Адам баласына алыста жүрсе де жүрегінде бірге өмір сүретін ең құнды қазынасы – отбасы болса, ер азаматтың өңсе тіктел, болашағын жоспарлайтын, әйелдің ырыстың еселеп, ынтымағын қамтамасыз ететін, балалардың бөреке мен мерекеге толтыратын қасиетті мекені – шаңырақ. Қандай бастама болмасын еркін, жайлы баспанада іске асып, өмірдің жалғасы балалардың қауіпсіз, өз үйінде өскеніне не жетсін?! Тіпті, бақытты балалық шақ, ерекше естеліктер мен құт-бөрекеңіз де баспана-ның ішінде өрбитіні, кейде көшуді жоспарлаған көп адам-ның өз үйін тастап кете алмайтыны қалыпты дүние. Соңғы жылдары түрлі мемлекеттік бағдарламаның арқасында баспаналы болып, тіпті, қарапайым кезек арқылы жаңа үйге қол жеткізген хандар аз емес. Қызылорда қаласындағы сол жағалаудың жаңа тұрғындары – соның айғағы. Жыл санап жаңа үйлер саны артқан сайын мұнда көшіп келген, баспана кезегі келіп, қолына кілті тигендер қатары көбейіп жатқаны жағымды жайт. Осы орайда сол жағалаудағы көпқабатты жаңа үйлердің бірінде тұратын отбасылар жайлы сөз қозғаймыз.



ӨНЕР ҚУЫП, ОЙ ТҮЗЕГЕН
 Өкөден көрген өнеге мен аңауан алған тәлім бала өмірінің іргетасы болмақ. «Ұяда не көрсө, ұшқанда соны ілетіні» деген рас. Сол жағалауда тұратын, өн ерінен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп жүрген Мақсат Мақұлбековтің отбасы – ел сүйген қарайтын, көпке үлгілі шаңырақ. Мақсат Қазанғап атындағы музыкалық колледждің «Өн салу» бөлімінде, ҚР еңбек сіңірген әртісі Қараөз Ақсұлуғованың сыныбында оқыған. 2009 жылы аталған өнер ордасын үздік бітіріп, сол жылы музыка өнерінің қарашаңырағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық кон-

серваториясына қабылданды. Мұнда ол белгілі ұстаз – Қазақстанның халық әртісі, профессор Гафиз Есімовтің шәкірті болды. Консерватория қабырғасында жүріп-ақ халықаралық республикалық вокалестер конкурсының лауреаты атанған Мақсат композиторлар одағының мүшесі А.Райымқұлованың жетекшілігінде «Аңсар» вокалды тобын құрады да сол жетінен бастап оның ән шырақуына, өнер әлеміне енуіне даңғыл жол ашылады. Осылайша өзінің сазды өнімен, күміс көмір дауысымен көптің көңілінен орын ала бастайды.

Кәсіби білімін білгілімен ұштастыруды жөн санаған азамат 2015 жылы әнші, композитор Медеу Арынбаевтың тапмгерлігімен «Қазақстан дауысы» жобасының финалына дейін жетіп, үздік өнер көрсетті. Консерваторияны бітірген соң Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына қызметке қабылданды. Мұнда бес жылдай уақыт аралығында опера әртісі ретінде қызмет атқарып, ауқымды рөлдерде Нуржамал Үсенбаева, Венера Алышбаева, Майра Мұхамедқызы сынды қазақ операсының майталмандарымен бірге бір сахнада өнер көрсеткен.

Өнерлі өмірінің бір бөлшегі деп білетіні ол 2016 жылдан бастап Қызылорда облыстық филармониясы Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрінде камералық оркестр солисі қызметін атқарып келеді. Өнер ұжымымен бірге Өзірбайжан, Өзбекстан, Түркия мемлекеттерінде гастрольдік сапарда болып, Сыр елінің, қазықт классикалық өнерін насихаттауға өз үлесін қосып жүр. Қазіргі таңда өнерпаз азамат Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің «Өн салу» бөлімінің I сәнаттағы ұстазы. Сонымен бірге 2016 жылдан бастап облыстық филармонияда да қызмет атқарып келеді. Жетістіктері де аз емес. Мәселен, 2018 жылы «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерекелік медалімен наградталса, сол жылы Түркия мемлекетіндегі TURKSOY ұйымының «Аңыз хатын» иеленген. 2019 жылы мәдениет саласына сіңірген еңбегі үшін «Қазақ мәдениетінің қайраткері» құрметті атағы берілді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Мақсаттың өнеге желісіне ата-анасының ықпалы бар. Әкесі Нұрлан Мақұлбеков – шаруа адамы. Анасы Карима Шоңғараева да өнерден алыс емес. Қазіргі таңда зейнетке шыққан олар – 3 нөмеренің ата-әжесі.

«Үш ұлымыз бар. Мейіржан №3 гимназияда оқиды. Бос уақытында бокс және футболмен шұғылданады. Оқуда да үздік. Екінші ұлымыз Мирас – Ordaschool мектебінде 2 сынып оқушысы. Ол да сабақтан тыс кезде таеквондоға қатысады және «Бетпағар» өнер орталығында вокалдан білім алып жүр. Өңді, өнерді жақсы көреді. Үшінші ұлымыз Айдар 6 айлық. Жарымы екеуіміз балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға тырысамыз. Үйірімеге бермес бұрын неге қызығатыны, нені жақсы көретіні маңызды. Ерінен тыс, біздің ізімізді жалғап, өнер жолына туссін еуден аулақпыз», – дейді Мақсат Нұрланұлы.

Өнерлі отбасының келіні, Мақсаттың жары Ұлдана Бейсенова – әнші, ұстаз. Ұлдана да Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледждің бітіріп, кейін жоғарғы білімді Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық университетінде жалғастырған. Қазір ол Астрахань консерваториясының 2 курс студенті. Мамандығы – хорда дирижерлау. Кәсіби білімін шындап, үздіксіз ізденісте жүруді құл көретін ол оқумен қатар педагогикалық колледжде ұстаздық етуде. Үш ұлдың ата-анасы, бір отбасының ұйытқысы боп жүрген Мақсат пен Ұлдана отбасылық дуэт ретінде талай кештің көркін қыздырып, махаббат пен өнер алаңында қол ұстасып, жұп жазбай келеді.

Өткен жылы ораза айы – мамырда сол жағалаудан үйлі болдық. Қуанышымызда шек жоқ. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құжат дайындап, ипотека арқылы көпқабатты жаңа үйдің 3 бөлмелі пәтерге қол жеткізді. Үйдің жағдайы жақсы, іші жылы. Ең бастысы бөрекелі баспана болғай. Үш ұлымыз бен ата-енем, жолдасым үшін жақсы жаңалықтар мен қуанышты хабар алып келетін, құтты шаңырақ болсын деген ниеттеміз», – дейді Ұлдана Бейсенова.

АНТЫНА АДАП АҚХАЛАТТЫЛАР ОТБАСЫ

Адам жаңына арша түсіп, қинағанда ішкілер болтаң ажадаты абзал хандардың еңбегі қашан да елеулі. Қандай қиын сәттер мен ауыр жайттар орын алса да дәрігерлер өз ісіне мұқият болып, елеусіз көрінетін шикентай дүниеге мән беру арқылы адам жанын сақтаудан жалыққан емес. Адамзат пайда болғалы қанша дәуір мен өркениет алмасса да, дәрігерлердің Гиппократ антына адалдығы сол күінде. Сан қилы қиындығы бар, қыр-сыры көпке мәлім бола бермейтін медицина саласында қызмет етіп, өмір тұрғындарының дені сау,

өмірінің салауатты болуына өз үлесін қосып жүрген Қалтаевтар – сол жағалаудағы дәрігерлер отбасы.

Мұстафа Қалтаев Шиелі ауданы Досбол би ауылында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтаған соң 2010 жылы Қызылорда мемлекеттік жоғары колледжіне емдеу ісі мамандығына оқуға түскен. Білім ордасында жүріп, тағдыр қосқан болашақ жары Айман Ерболатқызымен танысады. Ол аталған колледжді 2016 жылы бітіреді. Осылайша кәсіби ортада білім алған қос дәрігер 2014 жылы шаңырақ құрады. Медицина саласын тәмамдағаннан ізденуден талмаған жұп 2015 жылы шығыстық медицинаны кеңінен зерттей бастайды. Фельдшерлікпен тоқталып қалмай, шығыс медицинасын да кәсіби түрде оқып алған Мұстафа мен Айман 2013 жылы қала ішінен отбасылық жеке клиника ашады. Ине салу, аптын ине, хиджамна арқылы ағзаны тазарту сынды емдік шараларды жүргізетін «Жадыра Таспапбетова» серіктестігі бүгінде шипа іздеген науқастарды шығыстық тәсілмен емдеуде. Мұстафа Тұтқабайұлының айтуынша, клиниканың атауын әжесі Жадыра Таспапбетованың құрметіне қойған.

«Әжем Жадыра Есенөптіқызы 32 жасында Социалистік Еңбек Ері атанды. МТЗ-50 маркалы «Белорусь» тракторымен Ыбырай Жахаевтың егіс даласында көктемде күрші себу, дөрі себу, күзде күрші тасу, қыста малшы ауылдарға жем-шөп тасу жұмыстарына белсене араласқан еңбекқор кісі. 1984 жылы «Қазақфильм» киностудиясы әжем мен атамның еңбек жолы туралы «Махаббат тарихы» атты деректі фильм түсірген. Жадыра Таспапбетова жайлы Х.Ергалиев «Қыз-хисса» поэмасын, М.Айтхожина «Қос ана» поэмасын, М. Құлмбетов «Жоқ, мен ораламын» очеркін жазған. Әжемнің қиындық пен құрметке толы еңбек жолы, тағдыра мойынсұнбаған қайсар мінезі, еткен еңбегі, отбасына төккен мейірімі –

ұрпақтарына ғана емес, барша қазақ жастарына үлгі. Ата-әже жолын жалғап, еңбектенуден танбаймыз», – дейді ол.

2020 жылы клиника жұмысын өркендетіп отырған жарасымды жұп «Көпбалалы ең жас кәсіпкерлер» атанғанын айту керек. Мұстардың ата-анасы да – еңбеккер хандар. Әкесі Тұтқабай Кейкуатов пен анасы Гүлжанат Манабаева елдің болашағы – саналы, сапалы ұрпақты қалыптастыруда тынымсыз еңбек етіп, «адамдық дәннің» егуді мақсат еткен ұстаздық жолда. 30 жыл бойы дамылсыз бала тәрбиесімен айналысып келе жатқан ұстаздар бүгінгі таңда Мұзафар, Мұстафа, Әсия, Иманғали, Айкере есімді балаларынан 9 нөмере сүйілі, үлгі көрсетіп отырған ата-әже Мұстафа пен Айман да – олардың ізін жалғап көпбалалы ата-ана.

– Шүкір, жолдасым екеуміздің Айбіке, Айша, Хадиса, Ұлбіке есімді 4 қызымыз бар. «Балалы үй базар» деген сөз бекер емес. Отбасымыздың сәні де, болашаққа жауапкершілік арттыратын мәні де – осы төрт бапаланымыз. Қызым Айбіке мен Айша екеуі Орта school мектебінде 1 сынып оқушылары. Отбасылық қоспінді жүргізіп, кәсіби білімді үнемі жетілдіре отырып, қыздарымызға да көбірек уақыт бөлуге, бақытты балалық шағын қамтамасыз етуге тырысамыз. Ең бастысы үлкен әжесі, өзінің ата-әжесі секілді адал қызмет етіп, өз жақсы көретін ісімен айналысатын бақытты адамдардың қатарынан болса дейміз», – дейді Айман Ибайдулла.

Айта кету керек, жас отбасы бүгінгі күні төрт балаланымен бірге сол жағалауды және көпқабатты үйлерді бірігіп тұрады. Бұған дейін үйлі болуға ниет еткен екеуі «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құжат дайындауды қолға алған. Арада уақыт өтпей көпқабатты үйдің 3 бөлмелі пәтерін иеленуі – жас отбасы үшін ғана емес, түгел әулет үшін жағымды жаңалық еді.

«Сол кездегі қуанышымызды жеткізе алмаймын. Мақсат қойып, оған қол жеткізе білу жақсы өмірге ұмтылыс сыйлайтын. Жаңа хандармен, әзіміз сияқты жас отбасылармен толыққан жаңа шағын аудандан үйлі болу бізге серпін сыйлап, жаңа бастамаларға мол ашыты. Кез келген мақсатқа қол жеткізуге болады. Бастысы ниет те, әрекет те – өзімізден. Соны ұмытпайық», – дейді бұл туралы 4 баланың әжесі, дәрігерлікті кәсіпкерлікпен ұштастырған Мұстафа Қалтаев.

Айта кетейік, 2020 жылы облыста барлық қаржыландыру көзінен 1 946 пәтерді құрайтын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілетін болатын. Ал өткен жылы құрылысы жүргізіліп жатқан 725 пәтерлік 15 көпқабатты тұрғын үйдің кілті табыстапалды деп жоспарланған. Бұл қаланы толыққанды пайдаланып, халықты қажетті тұрғын үймен қамтамасыз етуге үлкен жаңалық болды. Бүгінгі сол жағалау көлбегі – инфрақұрылымды дамыған, өзгеріске бейім, заманауи, өмір сүруге қолайлы қала сипатында. Мысалы, бір жыл ішінде мұнда қаншама жаңа кәсіп ашылып, тың бастамалар көтерілді. Оларға қолдау көрсетіп, тұтынушы ретінде өзіміздің өніміне сұраныс жасайтын да, илгілерді пайдаланатын да – сол жағалау тұрғындары. Ендіше сол жағалаудағы жаңа үйлер Мақсат Мақұлбеков пен Мұстафа Қалтаевтың отбасына жаңа серпін сыйлағаны сынды жаңа тұрғындарға да оң өзгеріс әкелетін дейміз.

Дина БӨКЕБАЙ



Будан 1800 жылдай бұрын өмір сүрген атақты грек оқымыстысы Клавдий Птолемей өзінің «Алмагест» (Ұлы құрылыс) деген шығармасында жер шарының 27 бөліктен тұратын картасын жазған. Оның 22-картасында Арал мен Каспий теңізі бейнеленген. Мұнда Зарафшан, Амудария (Оксус) өзендерінің Каспийге құяны көрсетілген.

Будан 62 000 жыл бұрын Амудария Ферғананың сайы арқылы Тянь-Шань тауынан басталған. Осы кезде жиһанкез Марко Полода бұған «Ион» деп ат берген. Ол Сырдария (Яксарт) мен қазіргі Бухара облысындағы Кулджик тауының шығысындағы сайдың ізімен аққан.

Арал теңізінің терістік бетіндегі Саршығанақ, Ақеспе тұсынан 80 метр тереңдіктен Олигоцен уақытында өмір сүрген қызыл балықтың, ірі ұлудың, киттің омыртқа сүйектері тасқа айнала бастаған күйінде табылды. Бұл кезінде теңіздің мұхитпен

Арал теңізінің терістік бетіндегі Саршығанақ, Ақеспе тұсынан 80 метр тереңдіктен Олигоцен уақытында өмір сүрген қызыл балықтың, ірі ұлудың, киттің омыртқа сүйектері тасқа айнала бастаған күйінде табылды. Бұл кезінде теңіздің мұхитпен

қосылып жатқанын көрсетеді.

Мезозой дәуірінде мұхит түбінде өмір сүрген фораменифер деген жәндіктің сыртқы қабыршағынан пайда болатын бор Арал теңізінің терістік жағындағы Ақкүйден табылып отыр.

Арал маңынан ақулаңның тісі мен сүйегі табылған.

Біздің дәуірімізге дейінгі 138 жылы Қытай үкіметінің елшісі Чжан-Кянь өзінің жазбаларында «Кан-гой мемлекеті жарлы, жиексіз үлкен теңіздің жағасында жатыр. Бұл терістік теңізі» (Арал. Р. О.) деп жазған.

Арал теңізі осы атауды иеленгенге дейін түрліше аталған. Оны саяхатшылардың еңбектерінен жиі кездестіреміз. Мысалы, 865 жылы Ибн-Хордотбек «Курдер» көлі десе, 243 жылғы

Масуди «Курджани», 961 жылы Истахди «Казбин», 1339 жылы Хафизы «Абдула» XIII ғасырда Бекрон «Джентд» көлі деп жазған. Бүгінгі Арал деген атау негізінен XVII ғасырдың бергі жерде берілген.

Норманияның королі II Рожерді тапсыруы бойынша тарихшы араб Идириси 1154 жылы саяхат жасап, дүние жүзінің картасын жасаған. Бұл картада Сырдария (Шаш) Амударияға (Джейхун) құяды деп көрсетілген.

XI ғасырда жарық көрген «История Северных двор» деген кітапта біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдағы «Янчай» мемлекетінің тарихы жазылған. Онда «Янчай мемлекетіне бағынған алан халқы Сырдарияның төменгі құйылысында көшіп жүр» делінген.

Сырдарияға құятын өзендер жайлы бірінші толық мағлұматты 1664-1665 жылдары

теңізінің ұзындығы 426, ені 284 шақырым, ең терең жері 68 метр болды.

Арал жер шарының 60 градустық ендігінде орналасқан. Теңіз суы сағат тілі

Қайнозой дәуірінің орта шенінде, яғни бұдан 21 миллион 1200 жыл бұрын, Арал Каспий теңізіне қосылып жатқан. Бұл байланыс 1573 жылға дейін созылған. Бұрын Амудария (Оксус) Үзбой арнасы арқылы Каспий теңізіне, ал Торғай өзені Аралға құйған. Осы ғасырдың 950 жылы Ибн-Рустеннің замандасы Масуди «Балық өзені келіп құятын Джейнухон (Амудария) Тармиде, Испиран сияқты бірнеше салаға бөлініп, бір тарауы Хорасанмен көп қамалға айырылатын Ховарезм (Қиат) қаласының төменгі жағымен Джоуджания (көне Үргеніш) жиегінде тұрған көлге құяды» деп жазған.

Ғалымның көп деп отырғаны қазіргі Арал теңізі. Мұнан өзге де маңызды деректермен таныс болыңыз.

голландиялық Николай Витсен жазған. Ол 1692 жылы жарыққа шыққан «Терістік және түстік Татария» деген еңбегінде: «Валин

(Каспий) теңізінен Көк (Арал) теңізіне дейін 250 шақырым. Көк теңізге оңтүстіктен Буюн (Шу) өзені құйып жатады» деп жазған.

Амударияның аяқ құйылысы мен Аралдың оңтүстігінде бұдан 1000 жыл бұрын балық аулана бастаған. Мұны арабтың саяхатшы-жазушысы Әл-Балхидің еңбектерінен айқын көреміз.

1740 жылы ағылшын Томсань «Амударияның аяқ құйылысында қарақалпақтар тұрады. Олар жағадан ұзамайтын қамыс қайықтарымен балық

аулайды» деп естелік қалдырды.

1592 жылдарға дейін «Барсакегелмес» аралының батыс беті құрлықпен бірігіп жатқан. Кейін теңіз суының көтерілуіне байланысты құрлықтан бөлініп қалған.

XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың бас кезінде теңіз суы деңгейінің төмендеуіне байланысты «Барсакегелмес», «Қасқа құлан», «Көз жетпес», «Ұялы», «Бектау», «Возрождения» тәрізді аралдар пайда болған.

Арал теңізін саяхатшылар әр ғасырда картаға түсірумен болған. Атап айтсақ, 1658 жылы ағылшын

Арал теңізі құмды, құрғақ климаты үстірт қыратта орналасқан. Ол – ертедегі Сармат теңізінің бір бөлігі. 1950 жылы Арал

теңізінің ұзындығы 426, ені 284 шақырым, ең терең жері 68 метр болды.

Арал жер шарының 60 градустық ендігінде орналасқан. Теңіз суы сағат тілі

Қайнозой дәуірінің орта шенінде, яғни бұдан 21 миллион 1200 жыл бұрын, Арал Каспий теңізіне қосылып жатқан. Бұл байланыс 1573 жылға дейін созылған. Бұрын Амудария (Оксус) Үзбой арнасы арқылы Каспий теңізіне, ал Торғай өзені Аралға құйған. Осы ғасырдың 950 жылы Ибн-Рустеннің замандасы Масуди «Балық өзені келіп құятын Джейнухон (Амудария) Тармиде, Испиран сияқты бірнеше салаға бөлініп, бір тарауы Хорасанмен көп қамалға айырылатын Ховарезм (Қиат) қаласының төменгі жағымен Джоуджания (көне Үргеніш) жиегінде тұрған көлге құяды» деп жазған.

Ғалымның көп деп отырғаны қазіргі Арал теңізі. Мұнан өзге де маңызды деректермен таныс болыңыз.

голландиялық Николай Витсен жазған. Ол 1692 жылы жарыққа шыққан «Терістік және түстік Татария» деген еңбегінде: «Валин

(Каспий) теңізінен Көк (Арал) теңізіне дейін 250 шақырым. Көк теңізге оңтүстіктен Буюн (Шу) өзені құйып жатады» деп жазған.

Амударияның аяқ құйылысы мен Аралдың оңтүстігінде бұдан 1000 жыл бұрын балық аулана бастаған. Мұны арабтың саяхатшы-жазушысы Әл-Балхидің еңбектерінен айқын көреміз.

1740 жылы ағылшын Томсань «Амударияның аяқ құйылысында қарақалпақтар тұрады. Олар жағадан ұзамайтын қамыс қайықтарымен балық

Сарқамыс көлімен қосылып жатқан.

1848 жылы Сырдарияның аяқ құйылысына «Қосарал» порты генерал-губернатор Обручевтың ұсынсыымен салынды. Осы жерде Тарас Григорьевич Шевченко өмір жүй (1848-49) өмірін өткізді. «Қосарал» атты өлең жазды: «Қош, елден қашпай, Жат өлкеде қартайдым мен». Ақын бұл порттың суретін де салған.

1853 жылы Арал теңізінде тұңғыш рет парокход жүрді. Ол 1850 жылғы октябрь бойынша патшалық Россияның заказы бойынша Швецияның Мотол қаласында 49.347 сомға жасалған.

1886 жылы Аралдың оңтүстік бетінде А.Никольскийдің, ал солтүстік жағында академик Бергтың басқаруымен экспедиция ұйымдастырып, балық саны жете зерттелді. Патшалық Ресей осы мол олжаны игеру мақсатында 1950 жылы темір жол құрылысын салды. Осыдан кейін Астраханнан, Доннан,

Р.ОТАРБАЕВ, журналист.

АРАЛ МАҢЫНАН АКУЛАНЫҢ СҮЙЕГІ ТАБЫЛҒАН

Қаратеңіз маңынан, Орталық Россиядан жеке балық аулаушылар келе бастады. Лапшин, Риткин, Красильников, Макеев секілді саудагерлер ірі балық кәсіпшіліктерін ашып, «Хива» атты акционерлік қоғам құрды.

1913 жылы Арал кенті атанған. Онда 1026 адам тұрған. Поволжье халқының басына ауыр күн туғанда көсем В. И. Ленин 1921 жылы 7 қазанда Арал балықшыларына хат жолдап, ашыққандарға көмек көрсетуді өтінген. Бөгендіктер телеграмманы алысымен 24 сағаттың ішінде 14 вагон балық жөнелтті. Арал балық зерттеу станциясы 1920 жылдан бастап жұмыс істей бастады.

1925 жылы қазіргі Арал ауданында «Серіктестік» деген балық аулайтын ұйым құрылды. Ұйымның алтауы Арал жерінде, төртеуі Мойнақ маңында болды.

1928 жылы Арал теңізінің балықшыларының басын біріктіріп, «Балықшылар одағы» құрылды. Басқарма төрағасы болып патша заманында жер ауып келген Дон қазагі Дубовик (1897 - 1945) сайланды.

1928 жылы Арал аудан орталығы болды. Сол жылы кеме жасау заводы салынды. 1930 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің арнайы қаулысымен Арал «қала» аталды.

1930 жылдан бастап профессор М.И.Ильиннің басқаруымен Мойнақ пен Арал қаласында құрылысына «Қосарал» порты генерал-губернатор Обручевтың ұсынсыымен салынды. Осы жерде Тарас Григорьевич Шевченко өмір жүй (1848-49) өмірін өткізді. «Қосарал» атты өлең жазды: «Қош, елден қашпай, Жат өлкеде қартайдым мен». Ақын бұл порттың суретін де салған.

1932 жылы Арал ауданында 173 тұз өндіретін трест ұйымдастырылды. Ол жыл сайын орта есеппен 262 мың тонна өнім өндірді.

Аралда 1920 жылдан сульфат өндіріліп келеді. 1946 жылы 123.880 тонна сульфат берді. Бұл өнімнің сапасы елімізде бірінші орында тұр.

1940 жылы профессор Г.В.Никольский Арал теңізіндегі балықтардың түрі мен олардың қандай тереңдікте жүретіндігі жөнінде арнайы карта жасады. Сол жоба бойынша бекіре, жайын, ақбалық, шортан, сазан, тісті, шабақ, алабуга, қаяз, табан, торта, қызыл қанат, айнакөз, шомая ауланды. Бұл жылдары барлық ауланатын балықтың 26 процентін шабақ, 36 процентін сазан құраған.

Р.ОТАРБАЕВ, журналист.

АРАЛ МАҢЫНАН АКУЛАНЫҢ СҮЙЕГІ ТАБЫЛҒАН

Қаратеңіз маңынан, Орталық Россиядан жеке балық аулаушылар келе бастады. Лапшин, Риткин, Красильников, Макеев секілді саудагерлер ірі балық кәсіпшіліктерін ашып, «Хива» атты акционерлік қоғам құрды.

1913 жылы Арал кенті атанған. Онда 1026 адам тұрған. Поволжье халқының басына ауыр күн туғанда көсем В. И. Ленин 1921 жылы 7 қазанда Арал балықшыларына хат жолдап, ашыққандарға көмек көрсетуді өтінген. Бөгендіктер телеграмманы алысымен 24 сағаттың ішінде 14 вагон балық жөнелтті. Арал балық зерттеу станциясы 1920 жылдан бастап жұмыс істей бастады.

1925 жылы қазіргі Арал ауданында «Серіктестік» деген балық аулайтын ұйым құрылды. Ұйымның алтауы Арал жерінде, төртеуі Мойнақ маңында болды.

1928 жылы Арал теңізінің балықшыларының басын біріктіріп, «Балықшылар одағы» құрылды. Басқарма төрағасы болып патша заманында жер ауып келген Дон қазагі Дубовик (1897 - 1945) сайланды.

1928 жылы Арал аудан орталығы болды. Сол жылы кеме жасау заводы салынды. 1930 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің арнайы қаулысымен Арал «қала» аталды.

проценті, Өзбекстанға жеткізілетін заттың 70 проценті тасылған.


1946 жылы мәлімет бойынша Арал қаласында қазақ, орыс, өзірбайжан, неміс, латыш, поляк, молдаван, қалмақ, чуваш секілді 33 ұлттың өкілі тұрған.

1960 жылға дейін Арал қаласынан Нүкіс, Мойнақ, Шаржағу жолашушылар таситын кемелер жүріп тұрды.

Соңғы отыз жылда Аралдың кей тұсы 112 шақырымға дейін тартылып кетті. Теңіз табынанып ұшқан тұз Солтүстік Мұзды мұхитқа жеткен.

Теңіздің қазіргі көлемі 44,4 мың шаршы шақырым. Ғалымдар 2000 жылы теңіз үш есе кішірейіп, небәрі 25 мың шаршы километрге дейін азаяды деп болжаған еді.

1956 жылы Амудария мен Сырдария Аралға жылына 56-58 текше шақырым су бері. 1970 жылдан бергі Сырдария теңізге құймайды. Ал Амудария қазір теңізге 5-ақ текше



метр су құяды. Арал балықшылары 23 430 тонна балықты өскерилер мен бауырлас республикаларға жөнелтті.

1946 жылы Арал теңізінен 234, 320 центнер балық ауланды. Солтүстік Аралда 5 балық зауыты, 1 балық комбинаты, 45 балық қабылдау пункті болған. Ал оңтүстік Аралда (Қарақалпақ АССР) 5 балық заводы, 20-дан астам балық қабылдау пункті жұмыс істеді. Дәл осы жылы Арал қаласында шыны зауыты салынды. Кезінде Арал порты арқылы Түрікменстанға баратын жүктің 25

метр су құяды. Арал балықшылары 23 430 тонна балықты өскерилер мен бауырлас республикаларға жөнелтті.

1970 жылға дейін Арал теңізінде балықтың 34 түрі есепке алынған. Аралдың екі жағындағы Қызылқұм мен Қарақұм теңізі құрлап-бірігіп болса, Гоби, Такламакан секілді ұшқан құстың қанатын құлдіретін шөлге айналады.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Ел аузындағы әңгімеге сенсек, тырналар қығаштап, сап құрып ұшады. Үйірді ақылы толысқан мықты көсем бастайды. Көсем қартайғанын не өзінен мықты тырнаның барын көрсө, жолды соған табыстап, көргенін үйретеді де уайымсыз өмір сүреді. Ғажабын қараңызшы, ол өзінің ізін басатын жасты баулып, түрлі сынаққа салады. Бүркіттің балаланын қалай ұшуға үйрететіні де білеміз. Тіпті, гүлдің өзіне де мөлелеп су құйса, жайнап, жайқалып есетіні сияқты жастарға да біліммен бірге тәлімді тәрбие беріле, ел ертеңіне айналары хақ.

Қарап отырсақ, қоғам қайраткерлерінің де, Алаш арыстарының да жастарға сенім артқанын, үміт күткенін байқаймыз. Ұлтмыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» дегенін естен шығармау керек. Әр адамның өмірінің мәні – кездескен қиындықтарды жеңу арқылы рухани жетілу болса, осы рухани жетілуден ұлттық идея туындайды. Қазіргі біздің елдің ұлттық идеясы – жастардың ішінен рухы биік, құндылықтардың қадірін біліп қана қоймай, оны дәріптей алатын тұлға қалыптастыру. Соңғы кездері ұлттық идея, идеология деген сөздерді көп естиміз, ал грек тілінен енген «идея» сөзі көрініп тұрған нәрсе, бейне, яғни, мағына, ой, пікір, маңыз, мән ұғымдарын білдіретін, түрлі мағынада қолданылатын философиялық термин. Қоғамдағы әрбір адамның өзіндік идеясы, өмірге деген көзқарасы, идеялы мен құндылықтар жүйесі болуы заңды, осылар жиналып келіп, оның рухани жан дүниесін құрайды. «Ұлттық» термині ұлқа тиесілі деген мағынаны білдіреді.

Қазақстанның ұлттық энциклопедиясында: «ұлт – ортақ тіл, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діни бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі» деп көрсетілген. Ал жастардың идеясы айнала білген, қазақтың жұлдызы Шоқан Уәлихановтың айтуынша: «қазақ» сөзінің түпкі мәні – жан мен тәннің еркіндігі мен биік рухын білдіреді. Мен рухани-патриоттық тәрбие деп ата-бабамыздың парасатты ойы, өсиеті, ерлігі мен батырлығын тану, білу арқылы, елін, жерін, отанын сүйіп, ұлттық мүдде мен мінезге сай, адам да, таза өмір сүру деп түсінемін. Маргинал жастардың қатарын азайтудың бір жолы да жастарға кітап оқу тудың оңтайлы тәсілін табу екендігі жиі айтылып жүр. Соңғы кездегі түрлі жағдайлардың орын алуы «рухани құндылықты білмейтін, патриоттық тәрбиені бойына сіңірмеген, тәуелсіздіктің қадірін түсінбейтін» жастардың көбейгенімен байланыстыруда. Өрине әр оқиғаға төреші – уақыт. Десең те дайын асқа тік қасық болмай, жұмыс тауып бер деп билікке қарап отырмай, жастар іске кірісуі керек, белсенділік қалыптастыру қажет.

Болашақ үшін сапалы білім алуға деген ынтасын ояту керек. Қоғамға қажетті, сұранысқа ие мамандықты беру артық емес. Бүгінде ертеңіне сенбейтін жастар кездеседі. Бұл жақсы тенденция емес. Мұның белен алуына әлеуметтік топтың мүддесін қорғайтын жастарға ортақ идеологияның болмауы – басты себеп. Міне, осы мәселені шешсек, ел ертеңіне айналар жастардың қатары көбейеді. Материалдық құндылыққа көбірек мән беретіндер көбейген тұста жастардың назарын рухани құндылыққа аударудың тәсілін қоғам болып тапқан жөн.

Лунара ОРЫНБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Қазақ халқының маңдайына біткен марғасқалары, халық қамын жеп, жұрттың жағдайына тебірене уайым көшкен қайраткерлер аз болған жоқ. Сүттің бетіне шыққан қаймақ сынды ел арасынан шыққан зиялы қауымның ұйыған ортасына отаршыл орыстың ойраны көп зиянын тигізді. Елім, жерім деп өмірленген ұлт жанашырларының түрі – Ахмет Байтұрсынұлы еді. Ұлт ұстазына айналған ұлы тұлға туралы не білеміз? «...Өзге оқыған мырзалар сен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет етті» дейді жырмасыншы ғасырдың жарық жұлдызының бірі, ақын Сәкен Сейфуллин.

Ахмет Байтұрсынұлы киелі Торғай өңірінде, Сарытөбек елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан білімге жаны құмар ұлтының таудай талабына әкесі шын құлғанды. Қазаққа да оқыған азамат керек деген ақ ниеттен туындаған тілегі ұлының Торғайдағы қалалық орыс-қазақ училищесінен білім алуына негіз болды. «Білім – инемен құдық қазғандай» деген дана халықтың терең тәсіліне құлақ асып, болашақ ағартушы алған білімін Орынборда жалғастырады. Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын мектепті ойдағыдай аяқтап, ұстаздық қызметін бастап кетеді. Қостанай, Қарқаралы, Ақтөбе өңірлерінде оқушы

дайындап, бойындағы қарақ биілімін жас өрендерге молынан беруге тырысады. Аханды тек білікті педагог, ұлы ұстаз ретінде ғана емес, тіл маманы, лингвист ретінде де танымыз. Ағартушының тіл саласына қосқан үлесі орасан. А.Байтұрсынұлы араб графикасы негізіндегі тұңғыш қазақ жазуын ойлап тапты. Алғашқы қазақ әліпбиін жасап, «Тіл-құрал» оқулығын жазып шықты. Мұның бәрі қараөз қазақ балаларын туған елдің қасиетін сезіне, туған тілдің маңызын бойына құйып өссін деген ақ тілектен туындаған келеті еңбектер. Сондай-ақ, Ахмет бала тәрбиелеп жүріп, өзінің тырнақалды туындыларын, өлеңдері мен әңгімелерін жарыққа шығарды. Орыс жазушыларының еңбектерін аударумен де айналысты. Мақсат біреу – өлең-сөздерімен қалың ұйқыда жатқан қазақты кішкентай маса секілді «ызыңдап» жүріп отып, көкірек көңілдеріне жарық саулени, білім-ғылымды құю.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тарихындағы руханият өлеміне қоғам қайраткері, білімді саясаткер, XX ғасырдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі ретінде енді. Ұлтқа жанашырлық позициясы мен байтақ қазақ даласындағы қауым жұрттың рухын сілкіндіріп, саяси демократиялық ойлардың жарыққа шығуына түрткі болды. Қорытындылайтын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы саясаткер ретінде отаршыл Ресейдің қазақ халқына қатысты жымсықы ниетін әшкерелеп қана қойған жоқ, сонымен бірге саяси дамып, теуегірді күш болуына жол көрсетті. Қазақтың ұлттық танымын кеңейтіп, көші ашты ағартушылықпен айналысты. Жалпы айтқанда, оның өмірлік көзқарасы, еткен еңбегі қазақ қоғамының дамуына ерекше леп берді.

Назерке ЖЕТПІСБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Соңғы жылда такси қызметіне сұраныс артқаны рас. Жағдайды карантиндік шаралар күрделендірді. Сөбөбі көптеген қалада сенбі-жексенбі күндері автобус қатынамайды. Оның үстіне тасымал қызметінің тарифі көтерілгеніне қапаланғандар мемлекеттік органдарға хат жазып, мұн-шағымын әлеуметтік желілерде жиі білдіреді.

Бақыт – дерексіз ұғым. Дерексіз ұғымдардың қайсыбірінің нақты анықтамасы бар? Ешбірінде де жоқ, тек әр замандағы қоғамда бақыт туралы өзіндік пәлсапа қалыптасады.

БАҚЫТ ҰҒЫМЫ МЕН ФАРАБИ ӘЛЕМІ

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа жету жайында», «Бақыт жолын сілтеу» сынды еңбектерінде бақыт ұғымына тоқталып, бақытты адамның қандай болатынын түрлі сұрақтарға кеңінен тоқталған. Оның жазағандарына зер салатын болсақ, бақытқа жету жолындағы ізгіліктердің басына білім мен іденсіздікті қоятын көреміз. Ол адам бақытқа жету жолында бастан өткеретін әрекет, жан өсері мен ақыл-парасат деген үш түрлі жағдайдың ішінде соғынсына айрықша тоқталады. Қоғам жақсарса түсуі үшін басында бастап әрбір азамат оқу мен білімге талпыну қажеттілігін алға тартады. Оның ойынша, адам баласы бақытқа жету үшін талпынатын мақсат көп. Әуелі ол білімді, сонан соң қанағат, ақыл-парасат, жақсы мінез-құлық, кішіпейілділік, (жанан сөз айтау, зорлық-зомбылық жасамау, отбасына жақсы қарау, сауапты іс жасау) секілді этика ғылымына қатысты жайттарды сөз еткен. Сондай-ақ ұстамдылық,

сөзге тапқырлық, ысырапшылдық, жомарттық, рахат сезім деген не, абзал істер, адам мақсатының түрлері, білім мен өнер, олардың түрлері, философия және оның түрлері, философ деген кім, оған қойылатын талаптар қандай, логика өнері, грамматика өнері секілді мәселелер сөз етілген. Ғалым өзінің трактаттарында мидан да маңызды нәрсе – жүрек деп айтқанын естен шығарып жатамыз. Адамдар ұлы ұстаз сөз ететін, игіліктердің өз қадірлісі және ең жетілігі – бақытқа жету жолында өз жүрегінің үніне құлақ түрмейді. Үстем күштің мекені мен ішкі табиғи жымылғықтың қайнар көзі бірінің орнында болуын ойлаудан гөрі қоғамдағы талпауындардан жасалған бақытқа қол созады. Әбу Насыр адам бақыт биігіне жету үшін соған жеткісі келетін кідірен сол жолды игерудің әдісі мен амалын табуды талап ететінін ескерткені де «қалдымен ескертпін алайық, адам өмірінде кездесетін жағдайлар мыналарға бөлінеді: артынан мадақтауға және жазыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға

немесе жазыруға болатын жағдайлар» дейді. Сөйтеді де, «артынан мадақтауға немесе жазыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Нәтижесінде әрі мадаққа, әрі жазыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде ол бақытқа жетеді» деп ой түйеді. Фараби қалдырған қазына – дұрыс әрі бақытты тұмыр кешудің нұсқаулығы десек те болады. Расымен солай. Егер нұсқаулық бар болса, онда неге сонша ғасырлар бойы біз әлі күнге дейін бақытты іздеуден жалықпаймыз, онда неге Фарабитанушылар, Фарабиді зерттеушілердің бәрі өміріне дән ириза, шексіз бақытты болып кетпеген деісіз? Бақыт туралы білу, оны түсіну бақытты болу үшін тым азық етеді. Бақытты болуды үйрену мүмкін емес. Әр адам бақытқа өзіндік күреспен, өздігімен келеді. Өзіне түсінеді, өзіне бағалайды.

Диана АСАНОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, Ғылыми жетекші: Данат ЖАНАТАЕВ, ф.ғ.к., доцент

Тақырыпқа тұздық болсын. Танымал – такси жүргізушісі. Тасымалмен айналысып, отбасын асырайды. Тапқан табысының тең жартысын жолдап отырған баспанасы мен жаңадан алған көлігінің несиесіне төлейді. «Әрбір адам дәмді тамақ ішіп, жақсы киім сатып алғысы келеді. Жүргізушілер адам емес пе? Жанар-жағар май бағасын өскере керек. Азық-түлік бағасы да. Барлығымыздың бала-шағамыз бар», – дейді ол. Бұдан бөлек, жалдамалы көлік жүргізушісі Әбдісаттар мырза да жолашуының өтінішіне сай қала ішінен бөлек Шиели, Жаңақорған аудандарына, көршілес Түркістан облысына қанаттайынын айтады. Оның айтуынша, өткен жылы қазан айынан басталған үлкен жол салығы баға тұрақсыздығының бірден-бір себепі. «Батыс Еуропа – Батыс Құтайы» тас жолына төленетін салық, автовокзалдағы көлік туралына, базар маңындағы көлік тұрақтарына төленетін қаржыны айтпағанда жеңіл көліктің ұсақ-түйегімен темір-төрегі қалтаға ауыр салмақ салады», – дейді ол. Ал «Яндекс» компаниясының жүргізушісі Абдулла Әбсамат бұған мынадай пікір қосты.

«Жанармайдан бөлек қанша шғын бар, тұрақтар, қосымша бөлшек. Мезгіл сайынғы ауысатын дөңгелек те аз ақша тұрмайды. Десең те, қала ішіндегі жолашуы тасымалында «Яндекс» басқаруларынан арзанрақ, тұтынушыға қолайлы баға ұсынады. Айтпа кету керек, өткен жылы қаңтарда G-Taxi

ТАКСИ ҚАШАН АРЗАНДАЙДЫ?

ЖШС «Яндекс. Такси Б.В.» компаниясына қатысты шағым түсірді. «Яндекс» G-Taxi 2023 жылы 21 желтоқсанға дейін патенттеген «Автоматтандырылған такси шақырту жүйесі» деген модельді рұқсатсыз пайдаланды деп арызданған компания оның жұмысына тыйым салуды талап етті. Сот Қазақстанда Google Play және Apple Store интернет дүкендері арқылы «Яндекс Go» және «Яндекс. Про» мобильді қосымшаларын таратуға тыйым салды. Сонымен қатар «Яндекс. Такси Б.В.» мекемесінен 2019 теңге көлемінде сот шығынын өтеу туралы қаулы шығарды. «Яндекс Go» баспасөз мәтінді бұл шешім «Яндекс.Такси» жұмысын бұғаттамайтын хабарлады. «Біздің сервис жұмыс істеп тұр және қызметін жалғастырады. Патентке қатысты дауға келер болсақ, компания қайта шағым түсіреді» деп мәлімдеді тасымалдаушылар. Олардың айтуынша, дауға себеп болған пайдалы модельдің патенті «Яндекстің» ғана емес, кез келген такси шақырту қызметінің базалық функциясын көрсетеді. Бұған ұқсас платформалар 2000 жылдан бері әлемге танымал. G-Taxi тек 2015 жылы өтініш берген және осы әрекеті арқылы «не табыс табуды, не болмаса бүкіл елдегі осындай онлайн-сервисстердің жұмысын тоқтатуды көздеп отыр».

Ендігі кезекте танымал «nDrive» тасымалдау қызметі шағым тапсақ, мұнда облысаралық тасымалдау қызметі қарастырылған. Осы қызметке тіркелген Досбол Исмаев бізбен тілдесу барысында Қызылорда мен Алматы аралығындағы жол бағасы 20 мың теңгеге құрайтынны жеткізді. Мұндай қаражаты талап етуінің себебі – автокөлікте жаңа шетелдік маркалы болуында және жол бойындағы асханаларға, дүкендерге тоқтауға жағдай жасауында. Бұған қоса соңғы дерек бойынша такси нарығының жылдық табысы 120 млрд теңгеге құраған. Бұл – салық ретінде түсетін соманың 5 пайызы ғана, қалған 95 пайызы – көлеңкелі экономикада қалады екен. Мұндай мәліметті республикалық такси қызметі қауымдастығы басшысы Мәдет Құрманов айтты. Оның айтуынша, таксигерлерді көлеңкелі экономикадан шығарудың 2025 жылға арналған арнайы стратегиясын арнайы. Сондай-ақ «Такси қызметінің бірыңғай платформасын құрмай, жоғарыда айтылған шараларды жүзеге асыра алмайды» дейді мамандар. Қорыта айтқанда, бағаның төмендеуі, сапаның артуы уақыт енішінде.

Әйгерім ҚҰАНДЫҚ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ЕУРО – 2022:

БІРЖАН ОРАЗОВ ҮЗДІК СҰРМЕРГЕН АТАНДЫ

Қазақ футболының тарихында төңдессіз жетістік тіркелді. Нидерланд өлінде аяқталған футболдан Еуропа чемпионының ең үздік сұрмергені атағын қазақ баласы Біржан Оразов иеленді.



Біржан кәрі құрлық додасының небәрі төрт ойынына қатысып, жеті гол соғып, үздік шабуылшылардың көшін бастады. Қазақстан құрамасы жарысты ширекфиналда тоқтатқанына қарамастан Біржанның жетістігін қайталайтын ешбір ойыншы болмады. Алдымен

топтық кезеңде Словениямен кездесуінде бір мәрте қақпаны дәл көзде, одан кейін Финляндия, Италия қақпашыларын екі мәрте қапы қалдырды. Ширек финалда Украинамен ойында да екі мәрте дәлдігімен көзге түсті. Екінші орынды ресейлік Антон Соколов алды. Оның еншісінде алты гол бар. Сұрмергендер салында ресейліктер – Артём Антошкин мен Иван Чичкала бес-бестен гол соқса, тағы бір қазақстандық Дуглас Жунior төрт голдың авторы атанды. Айтпа кетсе, биылғы Еуропа чемпионы атағын Португалия жерін алды. Екінші орын Ресейге бұйырса, үздік үштікті Испания түйіндеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Біржанның жетістігіне жұртшылық жаппай қуанады. Жақында футболшы БАҚ өкілдеріне әлем чемпионатындағы ең эмоционалды сәт, елдегі футболдың танымалдылығы және алға қойған мақсаты жайлы сұхбат берді. Сұрмерген өткен жылдың табысты, жеңіске толы болғанын жеткізді. Өкінішті сәттер де бар екен. Бірақ спортшы мұның барлығы шындалуға апаратын қадам екенін айтты. Жылдың есте қаларлық эмоционалды тұстарына да тоқталды.

– Биылғы Иранмен камбэкті әсерлі дер едім. Бірақ жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді, сондықтан Португалиямен кездесуді де айта кету керек. Матчтан кейін эмоционалды күйзеліс болды. Алайда жанкүйердің қолдауы көмектесті. Жаппы, мен футбол Қазақстандағы басты спорт түрлерінің біріне айналса деп армандайтынымын. Әлем чемпионатынан кейін футболдың деңгейі айтарлықтай көтерілді, оның үстіне жастар, өскелең ұрпақ тарапынан үлкен қызығушылық бар, сондықтан қалалар мен аудандарда спорттың бұл түрін дамытуға барлық жағдайды жасап, қолдау көрсетуіміз қажет. Осылайша біз әлемдік аренада ел намысын қорғайтын мықты мамандарды тәрбиелей аламыз, – дейді спортшы.

«Шетелде ойнауға ниет таныттыңыз. Ұсыныстар түсті ме?» деген сауалға футболшы «Чемпиондар лигасынан кейін агентім Ресей құрамасында жалға алу негізінде ойнауды ұсынды. Бірақ маусымның ортасында қосылу орынсыз деп ойлаймын. Басқа командаға кетсем, маусымның басынан жоспарлаймын. Бірақ қазіргі уақытта «Қайрат» АФК-мен 2023 жылға дейін келісімшартым бар» деген жауап қатты.

Былғары, күдері, декоративті элементтері бар, ашық түсті металл қабықпен жасалған аяқ киімдерді кір жуғыш машинада жумаған жөн. Мамандар осылай дейді. Аяқ киімді жуар алдында бәумен ұлғатарың алып тастап, қолмен жуған дұрыс. Ал кір жуатын машинада бір уақытта 2 жұптан артық жүға болмайды және оларды арнайы қапқа салған дұрыс. Оны 30-40° С температурасына қойып, ең аз айналдыруды таңдаңыз. Ұнтақты жуу қиын, ол дақ қалдыруы мүмкін. Сондықтан сұйық енімді қолданған дұрыс.

Бұдан бөлек, спорттық стиль сәннен түспек емес. Сондықтан әйелдер мен ерлерге арналған сәнді кроссовканың әртүрлі моделі танымалдыққа ие. Бұл ретте «дизайнерлер қандай кеңес береді?» деген сауал туындайды. Олар стилді және жайлылық сыйлайтын аяқ киімді таңдауды ұсынады. Сән көрсеткіштерінен осыны аңғарасыз. Ұсынылған аяқ киімдердің арасында монохромды, жарқын, жылытыр және күңгірт реңктер сұраныста. Өткен жылы спорттық аяқ киім дизайнерлері көптеген жаңа өнімдерді ұсынды. Мұнда экологиялық тазалық тенденциясы жаңалық емес. Ол жыл өткен сайын танымал болуда. Брендтерде де көбіне қайта өңделген материалдар пайдаланылуда. Adidas Stan Smith және Air Jordan сияқты танымал жұп қайта оралғанын өскеру керек. Ретро қайта келді десе болады.

Оның үстіне қазір кроссовкалар әмбебап.

Енді оны әртүрлі киіммен ғана емес, жылдың көз келген мезгілінде киюге болады. Жылы үлгілері қысқы суықтан құтқарады. Осы жылғы жылы кроссовкалардың ең танымал үлгілеріне аң терісі ендірілме мен түйіншеп бар түрлері жатады. Мұндай кроссовка барлық киім үлгісіне үйлесе береді. Дизайнерлер классикалық үлгілерді қайтаруды да ойлайтынын жасырмайды, бірақ жаңа интерпретацияда. Алдағы маусымның жаңа тренді – бейнейойндарға

негізделген кроссовкалар болмақ, яғни мұнда гейминг-коллаборация басымдық беріледі.

Бастысы, мынаны ұмытпаңыз. Баскетболға арналған аяқ киім баскетбол ойнауға арналған. Теннистеги футболға теннис ойнауға арналған. Серуенге арналған кроссовканы серуенге шыққанда ғана кию керек. Бұл тігін шеберханасының сізді көп шығынға батыру үшін жасаған құлығы емес. Әр спорт түріне арналған арнайы өз аяқ киімі болуы қажет. Өндірушілер спорттық аяқ киімді спортшының іс-әрекетін жеңілдететін, оған көмек болатындай барынша пайдалы етіп жасауға тырысады. Аяқ киімін қандай спорт түрімен айналысуға арналғанына байланысты таңдалғаны маңызды. Егер сіз 2-3 спорт түрімен айналысасыз, онда бір әмбебап кроссовкадан гөрі олардың әрқайсысы үшін 2-3 жұп аяқ киім болғаны дұрыс. Әзірге кесірі тиетін нашар істің бірі – ескі спорттық аяқ киімді киіп жүгіру. Аяқ киім сіздің аяғыңыз бен тобығыңызды қорғауға арналған. Бірақ ішкі амортизациялау қабаты сығана кезде денеңіз осының салдарынан зардап шегетінін ұмытпаңыз!



Ежелгі дәуірде адам аяғын жарақаттаған уақытта оған жіппен байланған арнайы қорсет кигізген. Ол аяқтың қозғалуына кедергі жасағанмен ыңғайлы болған. Оны кроссовки деп атаған. Адамдар мұның ыңғайлы екенін түсінген кезде қазіргі

ҚАНДАЙ АЯҚ КИІМ ТРЕНДТЕ?

«Кроссовки» атауына ие спорттық аяқ киім пайда болды. Бүгінде көбі осы аяқ киімді кигенді жақ көреді. Сіз де осы қатардан болсаңыз, қызықты мәліметтер мен кеңестеріне назар аударыңыз.



АЛТЫ МЕДАЛЬ

Біріккен Араб Әмірліктерінің Фуджейра қаласында таеквондодан рейтингілік «Fujaifrah Open» турнирі өтіп, қазақстандық спортшылар жүлделі орындардан көрінді. Қазақстан командасы жалпы есепте 1 алтын, 3 күміс, 2 қола медаль жеңіп алған. 54 келідегі Саят Төрехұл алтыннан алқа тақса, Дүйсеңбек Әзірет, Нұрлан Мырзабаев және Нарғиза Қойшыбек күмісті қанағат тұтты. Ал Смайл Дүйсебай мен Нұрбек Жамшаев қола жүлдегерлер қатарында. «Жарыс сәтті өтті. Алдағы додаларда да жақсы нәтиже көрсетіп, еліміздің атын үздіктер қатарына қосамыз. Соған сай күшейтілген жұмыс жүргізіледі. Бізді қолдаған барша жанкүйерге алғысымыз шексіз», – дейді жүлдегерлер.



ЧЕМПИОН КІМ?

Мүз айдыны спорт көшенінде тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдер арасында өткен чемпионаты қорытындыланды. Чемпионатқа республикадан 14 команда, 105 спортшы қатысты. Марапаттау рәсімінде ҚР Ұлттық құрама командасының аға бапкері Айнұр Жақалбаева құттықтау сөз сөйлеп, елімізде тоғызқұмалақ ұлттық ойынын дамытуға қосқан үлесі үшін спорт ардагері Юрий Кимге ҚР тоғызқұмалақ спорты федерациясының «Тоғызқұмалақ қайраткері» белгісін табыстады. 7 күнге созылған жарыста қатысушылар ұмтылыс пен қажырлы қайрат көрсетті. Нәтижесінде әйелдер арасында қарағандылық Аңсаған Қожанәсіп I орын, Түркістан облысынан келген Әсел Далиева II орынды иеленді. III орынды Ақтөбе өңірінің тумасы Гүлжанат Алдабергенова мен түркістандық Лина Керімова бөлісті. Ерлер арасында Шымкент қаласынан келген Галымжан Темірбаев I орынды қанжығасына байлады. Жерлесіміз Бексұлтан Бостандықов II орынды місе тұтты. III орын Ақтөбе облысынан келген Нұрбек Қабиев пен қызылордалық Әлайдар Ермұхамедке буйырды. Естеріңізге сала кетейік, жерлесіміз Бексұлтан Бостандықов биыл Анталияда өтетін тоғызқұмалақтан Әлем Чемпионатына жолдама жеңіп алған болатын.



ҮЗДІКТЕРГЕ СЫЙ

Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде ҚР құрметті спорт қайраткері, білім беру ісінің үздігі Бәкен Қуанғанның жүлдесіне арналған кіші футболдан турнир өтті. Тартысты турнирге №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне қарасты спорт қызметкерлерінен жасақталған 6 команда қатысты. Нәтижесінде қарсыластарынан озаған «Стадион» командасы I орын иеленіп, турнир жеңімпазы атанды. Ал «Шапағат» пен «Бөлімшелер» командасы II, III орынды өзара бөлісті. Үздік ойын көрсеткен ойыншылар түрлі номинациялармен марапатталды. «Шапағат» командасының ойыншысы Бигали Әліш «Үздік шабуылшы», «Бөлімшелер» командасының шабуылшысы Әмірбек Айнадинов «Үздік ойыншы», «Стадион» командасының мүшесі Жәнісбек Құрманғали «Үздік қақпашы» аталымына ие болды. Бөсеке қорытындысында барлық жеңімпаздарға диплом мен кубок, қаржылай сыйлықтар табысталды.

ТАРГЕТ ТАБЫС КӨЗІ МЕ?

– Ақбөпе Дүйсенханқызы, инфобизнес десе үрке қарайтындыр көп. Бұл мамандыққа қалай қадам бастыңыз?

– Өзім Жаңақорған ауданы Жайылма ауылында дүниеге келдім. Мектепте 9-сыныпты бітірген соң, Шымкент қаласындағы Авиценна колледжіне оқуға түсіп, кейірікте ретінде кәсіби білімді жалғастырдым. Оны да жақсы деңгейде аяқтадым. Тұрмысқа шыққанша дәріханада 40 мың теңге жалақыға жұмыс істеп жүретінмін. Бірнеше жыл бұрын болса да, ол кезде айлым жолым мен тамағымнан артылмайтын.

Кейін тұрмысқа шығып, балалы болдым. Үйде отырып немен айналысуға болады деген ой келді. Қандай жұмыс істеймін? Қолымнан не келеді? Үйде отырып ақша табуға болатын жаңа мамандықтарды зерттей бастадым. Жеке кәсіп бастау туралы да ой келді. Ниша таңдаудан біраз қиындықтар болды. Содан инстаграм арқылы жоба сатып алдым. Сол жобаның серіктесі атанып, дайын

курсты сату арқылы табыс таба бастадым. Алғашқы клиенттер өзімнің достарым, туыстарым болды. Уақыт өте тұтынушы таусылма бастады. Блогерлерге жарнама беріп көрдім, бірақ нәтиже болмады. Сол кезде алғаш рет таргет жарнамасымен танысып, оны инстаграм арқылы «продвигать» батырмасы арқылы жүрген болатынмын. Нәтижесі жақсы болды. Осылайша таргеттің пайдасын және ол арқылы табыстың қанша есе артауының түсіндім, толықтай осы мамандыққа ауыстым. Нақты бір сарапшыны білімгендіктен, түрлі онлайн жоба, курсты сатып алып, соларды оқу арқылы таргет жарнамасын үйрендім.

– Жеке кәсіпте сұраныстың артуы таргетке қаншалықты тәуелді?

– Пандемия кезінде барлық кәсіп үйге дейін жеткізіп беру, қашықтан онлайн қызмет көрсетуге бейімделіп үлгерді. Ал кез-келген онлайн бизнес иесі таргет жарнамасын қолданады. Кәсіпкер ретінде оны қолданбау қателік сияқты. Себебі өзіміз бірге жұмыс істейтін жобаларда таргет

қолданатындардың саудасы ең кемі 2 есе алға жылжуда. Кез-келген тұрақты клиентті бар, жақсы жүріп тұрған кәсіп иелері де таргетке жүгініп жатады. Демек, жарнаманың пайдасы көп.

– Осы мамандықтың қырсығын айтып өтсеңіз...

– Таргет жарнамасы алғаш 2015 жылдың соңында инстаграм желісіне жаңа функция ретінде қосылған еді. Басында көбі түсінбегенмен әлеуметтік желі белгісін қалыптастыратын ыл, өзін ұсынатын

алаңға айналғанда таргетке сұраныс артып, тұтынушыны көбейтіп, табысты арттырудың тиімді құралы болып үлгерді.

Тәжірибелі маман ретінде өзіме таргет жарнамасы үшін сұраныс көп. Инстаграм желісінде 92000 оқырманым бар. Күнне кем дегенде түрлі бизнес иесінен 10 жарнама келеді, солардың ішінен таңдап, 5 жарнаманы шығарамын. Бұл мамандық қазір қазақ қоғамында кеңінен қанат жайғанын мойындау керек. Сонымен бірге таргет мамандығы – жастарға, үйде

отырған аналарға, жұмысыз адамға керемет мүмкіндік. Себебі бәделді кәсіпкерлердің өзі таргет жарнамасын шығара алмай, таргетологқа жүгінеді.

Жоғарыда айтып өткенімдей, кейірікте болып алатын 40 000 теңге жалақымен қазір күнне тауып жүрмін. «Бизнес сетъ» және «Cosmos» жобалары бойынша біраз қазакты таргет арқылы табыс табуға үйреттім. 3 айда жасап жатқан жобалардың сертификатталған миллионері атанып, қазір шәкірттерімің өзі ішінен тауып жүрмін. «Бизнес сетъ» және «Cosmos» жобалары бойынша біраз қазакты таргет арқылы табыс табуға үйреттім. 3 айда жасап жатқан жобалардың сертификатталған миллионері атанып, қазір шәкірттерімің өзі ішінен тауып жүрмін.

– Мамандықтар жоюылып, жаңасы пайда болып жатады. Таргет «қашанда дейін өмір сүреді» деп ойлаисыз?

– Қолданатын қашан шығаратын білмеймін. Бірақ өзiрге кәсіпкерлер мен қоғамдық маңызы бар орындар үшін басты қажеттіліктің бірі. Меніңше, таргет жарнамасы қажетсіз болып қалмайды, тек өзге бағытта өзгеріп, жаңа функциялар, әдіс-тәсілдер енуі мүмкін.



Дина БӨКБЕБАЙ

АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ АЙТПАДАҢ КӨЛМЕК

Бүгінде бәрінің-ақ соңғы үлгідегі автокөлікті иемденгісі келетін анық. Тіпті көлік дүкенінен сатылымға енді шығатын темір тұлпарға жыл бұрын тапсырыс беріп, айлап күтетін жүргізушілер жетерлік. Алайда жаңа емес, ескі көліктің уақыт өткен сайын құны артып, қызығушылардың қатары артатынын білесіз бе? Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайында да ерекше автокөлік көшілердің назарын аударып, жылдар бойы танымал экспонат қатарынан түскен емес. 20 жылдай мұражай көркін кіргізген жәдігердің сыры неде? Өзге көліктен нендей айырмашылығы бар? Мұны музей қызметкерлерінен сұрап көрдік.

Шынында, мұражайда өлкенің ғана емес, Орталық Азия тарихынан хабар беретін құнды жәдігер көп. Дегенмен келушілердің көбінесе қызығып, көз тастайтын нысаны өткен ғасырда жарыққа шыққан «Чайка» автокөлігі. Өткен заманның белгісіне айналған ескерткіш-көліктің ерекшелігі жоқ емес. Кеңес Одағы тұсында бұл үлгідегі көлікті тек арнайы тапсырыс арқылы ғана жасайтын көрінеді. Мұражайдың бас қор сақтаушысы Аманкүл Нұржанова жәдігердің нәліктен ерекше назарға ілінетінін былайша түсіндірді.

– 1950 жылдары Кеңес Одағында қайта құру кезеңі басталғаны мәлім. Сол кезеңде Сыр өлкесін мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков басқарды. Осы жылдары

«Чайканың» Қызылордаға келу тарихын ерекше толқыныспен еске алады. Тіпті мұражайда өткен жылдарда көлікті әкелу үшін Мәскеуге қалай барғанын, жүк шағымен жеткізу жұмысын талай мәрте баяндағаны бар.

– «Чайка» автокөлігінің алғашқы жүргізушісі Бауыржан Оспановты жыл сайын мұражайға шақырып, тарихи оқиғаны айтып беріп отырамыз. Мәселен, өткен жылы «Музейге сый» акциясы аясында келіп, естелікпен бөлісумен қатар 35 жылдан кейін сенімді серігі болған темір тұлпардың рөліне қайта отырды. Сол сапарда шетелдік



брендтерді шаң қаптыратын, техникалық сапасы мен құаты жоғары «Чайканы». В.Брынкиннің тапсырмасымен ежелгінен әңгімелеп, қызықты дерекпен бөлісіп. Айтуынша, автокөлікті әкелуге өзіміз бірге әкімдік қызметкері Мәскеу қаласына аттанды. Келіссөз сәтті жүрген соң «Внуков» әуежайынан көлікті үлкен әскери ұшаққа тиіп, өздері басқа ұшақтан Байқоңыр қаласына келген көрінеді. Елге оралғаннан кейін Байқоңыр қаласынан Қызылордаға дейін темір тұлпар тізгінін өзі алыпты. Қызылорда ғана емес, Қазақстанға бір ғана данасы бар «Чайка» көлігі құнды жәдігерге айналып, сол кездегі басшылар да көздің қарашындай сақтаған, – деді мұражай қызметкері.

Р.С. Бедел мен абырой белгісіне айналған көлік 2005 жылы сол кездегі облыс әкімі аппаратының басшысы Ғабдулла Жарынбаевтың тапсырмасымен Баллан-тан шығарылып, облыстық тарихи-өлкетану музейіне сыйға тартылды. Осылайша, аңызға берісіз тарихи бар «Чайка» отыз бес жылдан бері музейдің құнды жәдігерлерінің бірі ретінде сақтаулы.

Берен ШАҒЫРОВ

ЖУДЫЗ - ЖОРАМАЛ

(10 – 16 ақпан)

Тоқты
Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Қызылордадағы әр түрлі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік бар. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

Торпақ
Осы жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтаңыз. Бастысы өзінше және болшауға деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

Егіз
Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қиындықты тез өрің оңай шешесіз. «Жығыраңыз» түгелесін. Бастысы өзіндік дүрес деп талқан жолдан айналыңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.

Шаян
Аптаның әр күні сізді ерекше қуантады. Жақындарыңыз тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күйіңмен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен бітп қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.

Арыстан
Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгерістер қолға алған жаңа жобаның нәтижесіне қанағаттануға болады. Бастысы өзінше көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

Бикеш
Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізсеңіз, көмексі тұстары сізге кері әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен өсеңдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда өкінін ұмытпаңыз.

Таразы
Аптада көптең армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіндік бақытты сезінуіңіз жүресіз. Бұрын қолға алған идеяларың қолға жандандыруың мүмкін. Өрі жаңадан кәсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

Сарышаян
Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт. Маңызды істе, жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шыншайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

Мерген
Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаңыңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста көдеріңіз жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөлуі ұмытпаңыз.

Тәуешкі
Үсәк-түенке бола жүйеңізді жұқартпаңыз. Қиындықтан барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның өздерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.

Сұңқуғаш
Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жұқ арада өзінше жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз салыңызда белсенділікті арттырған абзап. Аптаның еңіш жартысында кейбір жаңадан қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

Балық
Апта жағдайы жаңалық пен қуанышты оқиғалар басталады. Уақытыңызды жақындарға арнап, үш жұмыс барысында қиын жауапкершілік артаудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегіңнен өткізуді енді айналындыңыз.

Кезекші редактор: Дина БӨКБЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасы білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Тарапымы: 8059
Тапсырыс: 197